



АЛАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№36 (150) 21 тамыз 2026 жыл

ТӨРАЛҚА ОТЫРЫСЫ

БІРҚАТАР ӨЗЕКТІ БАҒДАРЛАМАНЫ БЕКІТТІ

Үстiмiздегi жылдың 12 тамызында Астанада қаласында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің кеңейтілген төралқа отырысы өтті. Күн тәртібіндегі басты мәселе «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» бағдарламасының жобасын бекіту болды.

– Бағдарлама жеті бағытты қамтиды. Олардың әрқайсысы аға буын өкілдері ретінде бізге ұлттық құндылықтарды сақтауға ерекше жауапкершілікпен қарауды міндеттейді. Бүгінгі таңда қоғам үлкенге құрмет көрсету, отбасы институтын сақтау сияқты ізгі дәстүрлерді жаңғыртуға аса мұқтаж. Еліміздің ардагерлері патриоттіктеріне қатысты белгілі қоғам қайраткері, Парламент Мәжілісінің VIII шақырылымының депутаты Екатерина Смышляева цифрлық мүмкіндіктерді пайдалануды ұсынды. Ал сарапшы Есенғазы Иманғалиев аға және жас буын арасындағы психологиялық қарым-қатынас тұрғысынан өз ұсыныстарын білдірді.

Халықаралық қарттар күнін жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өткізу қажеттігін Орталық кеңестің жауапты хатшысы Ғалым Ордабаев өз баяндамасында атап өтті. Отырыста сондай-ақ Орталық кеңес жанындағы тұрақты комиссиялардың атаулары, ардагерлер ұйымдарының қызметін ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Сонымен қатар Орталық кеңес төрағасы жанынан штаттан тыс қоғамдық кеңесшілер институтын құруға ерекше назар аударылды.

– Бұл бастама ұйымның қызметін жетілдіруге мүмкіндік беріп қана қоймай, ардагерлер қауымдастығы үшін өзекті мәселе.

Осылайша, Байсеркеде өтіп жатқан авиациялық мереке аясында өткен баспасөз мәжілісінде Қазақстандағы шағын авиацияны дамыту, жастарды техникалық мамандықтарға тарту, авиациялық мәдениетті қалыптастыру және Алматы облысының туристік әлеуетін арттыру мәселелері талқыланды.

«Байсерке аспаны – 2026» мерекесінің басты идеясы да осы – авиацияны көпшілікке жақындатып, оның мүмкіндіктерін көрсету. Өйткені бүгін аспандағы ұшаққа қызыға қараған баланың ертең ұшқыш, авиация инженері немесе техник болуы әбден мүмкін.

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАМБЫЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



Кезекті сұхбат өтті

Жамбыл аудандық кітапханасы мен Жамбыл аудандық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен «Кітапхана TV» медиа алаңында кезекті сұхбат өтті. Кездесудің құрметті қонағы Үңгіртас ауылдық ардагерлер және аналар кеңесінің төрайымы, ардагер кітапханашы Күлшар Асылбекова болды.

Күлшар Касенқызы – мұқтаж жандарға пана болып, үйсіз жүрген аналар мен балаларға қолдау білдіріп жүрген шынайы жана-шыр жан. Оның елге жасаған ізгі амалдары мен өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі еңбегі – кейінгіге үлкен өнеге. Осындай азаматтардың арқасында ауылдың да, елдің де болашағы жарқын болмақ.



«Мәдени мұра»

Жамбыл ауданы Үңгіртас селолық округіндегі Ардагерлер кеңесінің төрайымы, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Күлшар Асылбекованың ұйымдастыруымен «Мәдени мұра» атты іс шара өтті. Мәдени мұра ұлттың тарихын, салт-санасын көрсетеді. Соның ішінде көлөнер — бұл табиғи шикізатты пайдаланып, әсем әрі қажетті заттарды өз қолымен жасау түрі. Ол халықтың тұрмысы мен мәдениетінің маңызды бөлігі саналады. Қазақ халқының ұлттық көлөнері ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келеді.



Төраға сұхбат өткізді

Жамбыл ауданы ардагерлер ұйымы мен Жамбыл аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен «Қалам мен шабыт мекені» шығармашылық орталығы «Кітапхана TV» медиа алаңы алғашқы қонағы Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, Жамбыл аудандық Ардагерлер ұйымының төрағасы Ескелді Қасымовпен сұхбат өткізді.

Өз ісінің кемеліне келген тұлғаның бұл әңгімесі жай ғана естелік емес, болашақ буынға жол сілтейтін тағылымды бағдаршам іспетті. Тамыры терең, ойы зерек жастарды тәрбиелеуге септігін тигізер бұл сұхбат талай жанға рухани азық болары сөзсіз.

«Мен оқыған он кітап»

Жамбыл ауданы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, зейнеткер Күлшар Асылбекова жаст

ТОҚСАН ЖАСТЫҢ ТӨРІНДЕГІ АҚСАҚАЛ

Ежелден бергі ақындар мен шешендер көненің көздері туралы ақиқатты айтып, ағынан ақтарылатын төкпелері мен даналықтары біз біле бермейтін тұңғыхтың бет-пердесін ашып береді. Олардың жүрегін жарып шыққан жаңғырығынан да айтқан ғибраттары анық көрініп тұрады. Осындайда бүгінгі күні 90 жасқа толып отырған, көненің көздері ретінде аса құрметпен ауызға алынып жүрген Елтай Хамзаұлы Хасенов ақсақал ойымызға орала береді.

Өмір өріндегі келешегіне бірден қадам жасап кету оңай емес. Онда үміт пен күдіктің тайталасып қатар жүретіні анық. Сонау бір қиырда жатқан Қостанай облысының, бұрынғы Ведин, қазіргі Мендіқара ауданындағы, Басағаш ауылында 1936 жылы дүниеге келген Елтай Хамзаұлының өмірден өз жолын табуда тағдыр талқысына талай түскені бар. Қандай қиындық атаулы кездесе де қаймықпай қарсы тұрғаны ешқашан жадынан шықпайды. Оның бәрі айна-қатесіз көкірегінде сайрап тұр.

Мектепті үздік бітіргеннен кейін басты арманы, адам арашашысы атанған - дәрігер мамандығын алу еді. Сөйтіп, Алматыдағы медицина институтына жол тартады. Бұған деген дайындығы да мін таппастай мығым болатын. Алайда үш емтиханды да кілең беске тапсырып, соңғы емтиханға келгенде аяқасты қырсық шалады. Ол табан астында билеттегі есептерін шығарып тастап, «енді студентің ғой» деп отырады. Сол сәтте бұдан артында отырған талапкер өтіне көмек сұрайды. Адам баласына жақсылық жасаудан жалтарып көрмеген Елтай оның өтінішін орындап бере салады. Сөйтсе, оның осы әрекетін емтихан қабылдап отырған мұғалім қадағалап отырыпты. Қастарына келіп, екеуін де емтиханнан шығарып жіберіпті. Осыған байланысты ол оқу министрлігіне дейін әділдік сұрап барғанымен онысынан ештеңе шықпайды. Осылайша жолы болмай қалады.

Қайсы саладан болсын, қабілет-қарымы жетерлік ол осыдан кейін Ақсуат орта мектебінде зертханашы (лаборант) және бастауыш сыныптарда мұғалімдік қызметтерді атқарады. Ол кездегі өмір талабы осындай болғанын оның замандастары мен қатарластары көп көрді ғой. Бұл жағын тарих беттерінен де жақсы білеміз. Бұдан кейін Алматыға жол тартып, ауыр машина жасау зауытында теориялық және тәжірибелік сынақтан сүрінбей өтіп, төртінші разрядты токарь-фрезировщик мамандығының қазанында қайнайды. Мұнда беделі де бет

● АРМАНДАСТАР ҚҰРДАСТАР

ЖАСТАРҒА ЖОЛ АШҚАН ІС-ШАРА



2026 жылғы 12 тамызда Еңбекшіқазақ ауданындағы Түрген шатқалында Халықаралық жастар күніне орай «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Jastar alatau – жаңа мүмкіндіктер мекені» атты ауқымды іс-шара өтті.

Іс-шараға аудан ардагерлері мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің өкілдері де белсене қатысты. Жастар бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық ойындарын насихаттау, сондай-ақ жастардың шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыру мақсатында түрлі мәдени-спорттық шаралар ұйымдастырылды. Іс-шара барысында қазақ халқының ұлттық дәстүрлері таныстырылып, асық ату, тұсаукесер, қазақша күрес, алтыбақан сияқты ұлттық ойындар ойнатылып, жастарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ұлттық дәстүрлеріміз ұлықталып, аға буын мен жастар арасында сабақтастықтың маңызы айқын көрінді. Қатысушылар белсенділік танытып, ұлттық ойындарға қы-



зығушылықпен атсалысып, көтеріңкі көңіл күйде уақыт өткізді. Аудандық Жастар ресурстық орталығының жетекшісі Айжан Әбіт белсенді жастарды марапаттап, олардың қоғамдық жұмыстарға қосқан үлесін

атап өтті. Сонымен қатар, саяси қайраткер, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VII сайланым депутаты, Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең жас Парламент депутаты Мәди Ахметов сөз сөйлеп, ауданның бірқатар белсенді жастарына дипломдар табыстады. Мерекелік шараның соңы концерттік бағдарламаға ұласып, жастар үшін көңілді дискотека ұйымдастырылды. Табиғаты көркем Түрген шатқалында өткен бұл басқосу жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеп, аға буын мен жас ұрпақтың өзара байланысын нығайтуға мүмкіндік берді. Ауқымды іс-шара жастардың басын біріктіріп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, салт-дәстүрді жаңғыртуға және өскелең ұрпақтың белсенділігін арттыруға зор мүмкіндік берді.

Базаркүл КАМАРДИНОВА,
Еңбекшіқазақ ауданы «Асыл ана»
қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

